

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**  
**НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

---

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ**  
**РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**БОЛАТ КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ЖОБАЛАУ**  
**Илем қалыңдығы бағытындағы материалдың**  
**соққылық тұтқырлығы мен беріктік қасиеттері**  
**бөлімі**

---

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ СТАЛЬНЫХ КОНСТРУКЦИЙ**  
**Часть. Вязкость материала и прочностные свойства**  
**в направлении толщины проката**

**ҚР НТҚ 03-01-10.1-2012(1993-1-10: 2005/2011 ҚР ҚН EN-ге)**  
**НТП РК 03-01-10.1-2012 (к СН РК EN 1993-1-10: 2005/2011)**

Ресми басылым  
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс,  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын  
басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и  
управления земельными ресурсами  
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Астана Строй-Консалтинг» ЖШС
2. **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3. **ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
4. **ОРНЫНА:** Алғашқы рет

## ПРЕДИСЛОВИЕ

1. **ПОДГОТОВЛЕН:** АО «КазНИИСА», ТОО «Астана Строй-Консалтинг»
2. **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3. **ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
4. **ВЗАМЕН:** Впервые

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	IV
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....	3
3 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР .....	4
4 ОМЫРЫЛҒЫШ БҰЗЫЛУДЫ БОЛДЫРМАУ ҮШІН МАТЕРИАЛДАРДЫ ТАҢДАУ .....	6
4.1 Жалпы ережелер .....	6
4.2 Материал қасиеті .....	7
4.2.1 Жалпы ережелер .....	7
4.2.2 Болаттың негізгі механикалық қасиеттері .....	7
4.2.3 Негізгі технологиялық қасиеттер .....	12
4.2.4 Болатты термиялық өңдеу тәсілдері .....	13
4.2.5 Болаттың қорғаныш жабынын салу әдістері .....	15
4.3 Материалдарды таңдау рәсімі .....	21
1 МЫСАЛ Болаттың маркасын іріктеу бойынша есеп және ең жоғары рұқсат етілетін қалыңдық.....	26
2 МЫСАЛ ҚР ҚН EN 1993-1-10 нормативінің талаптарын есепке ала отырып топсалы болаттың дәнекерлеген бағанының есебі .....	28
4.4 Бұзылу механикасын пайдалана отырып бағалау .....	33
3 МЫСАЛ Есептік температураны дәнекерленген арқалықтық әлеуетті бұзылу орнында анықтау бойынша есеп $T_{Ed}$ соққылы әсердің әрекетіне ұшыратылған.....	34
5 ПРОКАТ ҚАЛЫҢДЫҒЫ БАҒЫТЫНДА ҚАСИЕТТЕРІ БОЙЫНША МАТЕРИАЛДЫ ТАҢДАУ .....	36
5.1 Жалпы ережелер .....	36
5.2 Есеп рәсімі .....	38
4 МЫСАЛ Дәнекерлеу арқалығы торабының қабатталу есебі.....	41
А ҚОСЫМШАСЫ( <i>ақпараттық</i> ) Отандық болат маркаларының аналогтары .....	44

## КІРІСПЕ

Осы нормативті-техникалық құралды «Астана Құрылыс-Консалтинг» ЖШС-і «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» Акционерлік қоғамымен («ҚазҚСҒЗИ» АҚ) жасаған келісімшарт бойынша дайындаған.

Осы нормативтік-техникалық құрал «Болат құрылымдарды жобалау» - 1-10 бөлім «Прокат қалыңдығының бағытында материалдың тұтқырлығы мен беріктік қасиеттері» ҚР ҚН EN 1993-1-10 ережелерін дамытуға байланысты жасалды және болат прокатының қалыңдығы бағытында болаттың соққы тұтқырлығы мен қасиеттері бойынша талаптарды ескере отырып материалды таңдауға арналған.

Осы нормативтік-техникалық құрал 3-Еврокодқа ұқсас ҚР ҚН EN 1993 Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларына нормативтік-техникалық құралдар тобының бір бөлігі болып табылады.

ҚР ҚН EN 1993 стандартына нормативтік-техникалық құралдар тобы – нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі, онда мыналар берілген: ҚР ҚН EN 1993 Жобалау Принциптері мен Қағидаларына сәйкес болат құрылымдарын есептеу мен құрылымдауға ұсынымдар; нормативтік сілтемелік ақпараттың түсіндірулері; сандық есеп мысалдары; қосымша анықтамалық ақпарат.

ҚР ҚН EN 1993 стандартына нормативтік-техникалық құралдардың ережелері тек болат құрылымдардың көтергіш қабілеті, пайдалану жарамдылығы, ұзақ мерзімділігі мен отқа төзімділігі бойынша талаптарды ғана қамтиды. Басқа талаптар ҚР ҚН EN 1993 стандартына нормативтік-техникалық құралдарда көрсетілмеген.

ҚР ҚН EN 1993 нормативтік-техникалық құралдарын мынадай нормативтік-техникалық құжаттармен бірлесе пайдаланған жөн:

- ҚР ҚН EN 1990 НТҚ;

- ҚР ҚН EN 1991 НТҚ;

- ҚР ҚН EN 1992 - ҚР ҚН EN 1999 НТҚ, болат құрылымдары немесе олардың элементтерін есептеу тікелей қозғалатын бөліктерінде;

- EN, ETAG, ETA стандарттары және болат құрылымдарына жатқызылатын құрылыс бұйымдарына басқа да сәйкес стандарттар.

ҚР ҚН EN 1993 «Болат құрылымдарды жобалау» құрылыс нормаларының 20 бөлігінен басқа ҚР ҚН EN 1993 құрылыс нормаларына нормативтік-техникалық құралдарды әзірлеу кезіндегі негізін қалаушы құжаттар болып ҚР ҚН EN 1990, ҚР ҚН EN 1991 және EN 1090 табылады.

ҚР ҚН EN 1993 нормативтік-техникалық құралдар тобы 19 құралдан тұрады:

- ҚР ҚН EN 1993-1 нормативтік-техникалық құрал (12 құрал);

- ҚР ҚН EN 1993-2 нормативтік-техникалық құрал (1 құрал);

- ҚР ҚН EN 1993-3 нормативтік-техникалық құрал (1 құрал);

- ҚР ҚН EN 1993-4 нормативтік-техникалық құрал (3 құрал);

- ҚР ҚН EN 1993-5 нормативтік-техникалық құрал (1 құрал);

- ҚР ҚН EN 1993-6 нормативтік-техникалық құрал (1 құрал).

ҚР ҚН EN 1993-1 нормативтік-техникалық құралдардың кіші тобы 12 құралдан тұрады:

- ҚР ҚН EN 1993-1-1 нормативтік-техникалық құрал;
- ҚР ҚН EN 1993-1-2 нормативтік-техникалық құрал;
- ҚР ҚН EN 1993-1-3 нормативтік-техникалық құрал;
- ҚР ҚН EN 1993-1-4 нормативтік-техникалық құрал;
- ҚР ҚН EN 1993-1-5 нормативтік-техникалық құрал;
- ҚР ҚН EN 1993-1-6 нормативтік-техникалық құрал;
- ҚР ҚН EN 1993-1-7 нормативтік-техникалық құрал;
- ҚР ҚН EN 1993-1-8 нормативтік-техникалық құрал;
- ҚР ҚН EN 1993-1-9 нормативтік-техникалық құрал;
- ҚР ҚН EN 1993-1-10 нормативтік-техникалық құрал;
- ҚР ҚН EN 1993-1-11 нормативтік-техникалық құрал;
- ҚР ҚН EN 1993-1-12 нормативтік-техникалық құрал.

ҚР ҚН EN 1993-1 нормативтік-техникалық құралдарында арнайы болат ғимараттар мен құрылыстарға қатысы бар ҚР ҚН EN 1993 бөліктеріне қолданылатын болат құрылымдарды жобалау бойынша нұсқаулықтар берілген.

- ҚР ҚН EN 1993-2;
- ҚР ҚН EN 1993-3;
- ҚР ҚН EN 1993-4;
- ҚР ҚН EN 1993-5;
- ҚР ҚН EN 1993-6.

ҚР ҚН EN 1993-1-10 осы нормативтік-техникалық құралда мыналар берілген:

- ҚР ҚН EN 1993-1-10 құрылыс нормасында қамтылған болат прокаттың қалыңдығы бағытында болаттың соққы тұтқырлығы мен беріктігі бойынша талаптарды ескере отырып материалды таңдау ережесі;

- ҚР ҚН EN 1993-1-10 құрылыс нормасында берілген Принциптер мен Қағидаларды дамытатын ережелер;

- ҚР ҚН EN 1993-1-10 құрылыс нормасында берілген Принциптер мен Қағидаларды толықтыратын ұсынымдар;

- жобалау тәжірибесінде ҚР ҚН EN 1993-1-10 құрылыс нормаларының ережелерінің қолданылуын сипаттайтын сандық есеп мысалдары.

Осы нормативтік-техникалық құралды әзірлеу кезінде ҚР ҚН EN 1993-1-10 ережелерінен басқа мыналар ескерілді:

- ҚР ҚН EN 1993-1-10 Ұлттық Қосымша ережелері;
- ҚР ҚН EN 1990 тиісті ережелері;
- ҚР ҚН EN 1991 тиісті ережелері.

Осы нормативтік-техникалық құрал 5 бөлімнен тұрады. Осы нормативтік-техникалық құралдың 1 бастап 5-бөлімдері ҚР ҚН EN 1993-1-10 нормативінің құрылымын қайталайды:

- 1-бөлім: Қолдынылу саласы;
- 2-бөлім: Нормативтік сілтемелер;
- 3-бөлім: Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар;

## **ҚР НТҚ 03-01-10.1-2012**

- 4-бөлім: Омырылғыш бұзылуды болдырмау үшін материалдарды таңдау;
- 5-бөлім: Прокат қалыңдығы бағытында қасиеттері бойынша материалды таңдау.

Осы нормативтік-техникалық құралда ҚР ҚН EN 1993-1-10 тармақтарының нөмірлері жақша ішінде берілген.

Осы нормативтік-техникалық құрал жобалау ұйымдарының инженер-техникалық жұмысшыларына, ғылыми қызметкерлерге, жобалау өнімінің тапсырыс берушілеріне, жоғары оқу мекемелерінің оқытушылары мен студенттеріне арналған.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ  
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
БОЛАТ КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ЖОБАЛАУ.**

---

**Илем қалыңдығы бағытындағы материалдың соққылық тұтқырлығы мен  
беріктік қасиеттері бөлімі**

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ СТАЛЬНЫХ КОНСТРУКЦИЙ.  
Часть. Вязкость материала и прочностные свойства в направлении толщины  
проката**

---

**Енгізілген күні - 2015-07-01**

**1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1 ҚР ҚН EN1993-1-10 осы құрал дайындалу кезінде созылуға байланысты елеулі жіктелу тәуекелі бар болат прокаттың қалыңдығы бағытында соққы тұтқырлығы мен беріктігі бойынша талаптарды ескере отырып материалды таңдау бойынша талаптарды белгілейді.

1.2 Осы құрал ҚР ҚН EN 1993-1-10 берілген S235 бастап S700 дейінгі маркалы болат прокатының қалыңдығы бағытында болаттың соққы тұтқырлығы мен беріктігі бойынша талаптарды ескере отырып материалды таңдау принциптері мен қағидаларынан тұрады және дамытады.

1.3 Осы құралда прокат қалыңдығы бағытында бұзылу тұтқырлығы (сондай-ақ дәнекерленген біріктіру элементтерінің тұтқырлығы) мен беріктігі бойынша болат материалын таңдау бойынша ұсынымдар берілген. Осы ереже жалпы жобалау ережелерін пайдалана отырып бірлесе жобалау мүмкіндігін қамтамасыз етеді:

- ҚР ҚН EN 1993-1-1;
- ҚР ҚН EN 1993-1-2;
- ҚР ҚН EN 1993-1-3;
- ҚР ҚН EN 1993-1-4;
- ҚР ҚН EN 1993-1-5;
- ҚР ҚН EN 1993-1-6;
- ҚР ҚН EN 1993-1-7;
- ҚР ҚН EN 1993-1-8;
- ҚР ҚН EN 1993-1-9;
- ҚР ҚН EN 1993-1-10;
- ҚР ҚН EN 1993-1-11;
- ҚР ҚН EN 1993-2;
- ҚР ҚН EN 1993-3-1;
- ҚР ҚН EN 1993-3-2;

**Ресми басылым**

---

- ҚР ҚН EN 1993-4-1;
- ҚР ҚН EN 1993-4-2;
- ҚР ҚН EN 1993-4-3;
- ҚР ҚН EN 1993-5;
- ҚР ҚН EN 1993-6.

## **2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы құралды қолдану үшін мынадай нормативтік сілтеме құжаттар қажет:

а) Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары (негізгі сілтемелер):

- ҚР ҚН EN 1990:2002+A 1:2005/2011 Күш түсетін конструкцияларды жобалаудың негіздері;

- ҚР ҚН EN 1991 Күш түсетін конструкцияларға әсер ету;

- ҚР ҚН EN 1993-1-1 :2005/2011 Болат конструкцияларды жобалау. 1-1 бөлімі.

Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер;

- ҚР ҚН EN 1993-1-9:2005/2011 «Болат конструкцияларды жобалау. 1-9 бөлімі. Қажу беріктігі;

- ҚР ҚН EN 1998 Сейсмикаға төзімді конструкцияларды жобалау;

- ҚР ҚН EN 1999 Алюминий конструкцияларды жобалау.

б) болат стандарттары, болат дайындамалары, болат бұйымдар мен шығыс дәнекерлеу материалдары (қайталама сілтемелер):

- EN 1011-2 «Дәнекерлеу. Метал материалдарды дәнекерлеу бойынша ұсынымдар. 2-бөлім. Феррит болатты доғалы дәнекерлеу»;

- EN 10002 «Металдар. Созылуға сынақтар»;

- EN 10025 «Құрылымдық болаттан жасалған ыстықтай жұқартылған бұйымдар»;

- EN 10045-1 «Метал материалдар. Шарпи бойынша соққы майысуға сынақтар. 1-бөлім. Сынақтар әдісі»;

- EN 10155 «Атомосфералық коррозияға жоғары кедергімен құрылымдық болаттар. Жеткізудің техникалық шарттары»;

- EN 10160 «6 мм тең немесе артық табак прокатын ультрадыбысты тестілеу» (көрсетілген толқындар әдісі»);

- EN 10164 «Прокат қалыңдығы бағытында жақсартылған деформация қасиеттерімен болат бұйымдар. Жеткізудің техникалық талаптары»;

- EN 10210-1 «Легирленбеген ұсақ түйіршікті құрылымдық болаттардан жасалған ыстықтай жұқартылған тұйық профильдер. 1-бөлім. Жеткізудің техникалық талаптары»;

- EN 10219-1 «Легирленбеген ұсақ түйіршікті құрылымдық болаттардан жасалған салқын қалыптанған тұйық профильдер. 1-бөлім. Жеткізудің техникалық талаптары».

## **3 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР**

3.1 Осы нұсқаулықта тиісті анықтамалардан тұратын келесі терминдер қолданылады:

- ҚР ҚН EN 1990 1.5 Тармағымен;



- ҚР ҚНЕН 1993-1-11.5 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-21.5 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-3 1.3 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-4 1.5 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-5 1.3 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-6 1.3 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-7 1.3 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-8 1.4 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-9 1.3 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-10 1.3 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-11 1.3 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-2 1.5 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-3-1 1.5 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-3-2 1.5 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-4-1 1.5 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-4-2 1.5 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-4-3 1.5 және 1.8 Тармақтармен;
- ҚР ҚНЕН 1993-51.5 және 1.8 Тармақтармен;
- ҚР ҚНЕН 1993-6 1.5 Тармағымен.

3.2 Осы нұсқаулықта тиісті анықтамалардан тұратын келесі рәміздер қолданылады:

- ҚР ҚНЕН 1990 1.6 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-1 1.6 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-2 1.6 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-3 1.4 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-4 1.6 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-5 1.4Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-6 1.4 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-7 1.4Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-8 1.5 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-9 1.4 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-10 1.4 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-1-11 1.4 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-2 1.6 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-3-1 1.6 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-3-2 1.6 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-4-1 1.6,1.7 және 1.8 Тармақтармен;
- ҚР ҚНЕН 1993-4-2 1.6,1.7 және 1.8 Тармақтармен;
- ҚР ҚНЕН 1993-4-3 1.6 және 1.7 Тармақтармен;
- ҚР ҚНЕН 1993-5 1.6 Тармағымен;
- ҚР ҚНЕН 1993-61.6 Тармағымен.

## 4 ОМЫРЫЛҒЫШ БҰЗЫЛУДЫ БОЛДЫРМАУ ҮШІН МАТЕРИАЛДАРДЫ ТАҢДАУ

### 4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Осы құралдың 4-бөлімі соққы тұтқырлығы бойынша талаптарды ескере отырып болат материалын таңдау бойынша ҚР ҚН EN 1993-1-10 қолдану ережелерін сипаттайды және толықтырады.

4.1.2 Осы құрал S235 бастап S690 дейінгі болат маркасымен болатты таңдау үшін қолданылады.

4.1.3 Осы құралдың ережесі жаңа құрылыс құрылымдары үшін ғана материалды таңдауға қолданылады. Осы ережелер жаңа құрылыс құрылымдарына арналған. Осы ережелер әлдеқашан пайдаланудағы құрылымдарды, болат материалдарын бағалауға арналған.

4.1.4 Осы құрал ережелері EN 1090 стандарттарының нұсқауларына сәйкес дайындалған және құрастырылған құрылымдардың болат материалдарын таңдауға қолданылады.

4.1.5 Осы құрал ережелері болат құрылымдардың созылған немесе майысатын элементтеріне қолданылады. Белгі ауыспалы босаңсу жүктемелеріне ұшыраған дәнекерлеу құрылымдарына да осы құрал қолданылады.

4.1.6 Осы құрал ережелерін құрылымның сығымдалған элементтері үшін қолданбауға болады.

4.1.7 Осы құрал ережелері EN 10025 және EN 10210 стандарттарының талаптарына сәйкес келетін болатқа қолданылады.

1 ЕСКЕРТПЕ EN 10025 және EN 10210 талаптарына (осы құралдың А қосымшасын қараңыз) сәйкес келетін отандық болат маркаларын (ҚР ҚНМЕ 5.04-23-2002 51-Кестесін қараңыз) қолдануға рұқсат етіледі.

2 ЕСКЕРТПЕ EN 10025 және EN 10210 бойынша болат маркаларының физикалық-механикалық қасиеттері осы құралдың 4.1 және 4.2 Кестелерінде берілген.

3 ЕСКЕРТПЕ EN 10025 стандарты құрылымдық қуыс профильдер мен құбырларды қоспағанда ыстық жұқартылған құрылым болаттан жазық және ұзын өлшеуішті өнімді жеткізудің техникалық шарттарын анықтайды.

Құрылым болаттарына қойылатын ерекше талаптар мынадай бөлімдерде берілген:

а) EN 10025-2 бөлімі: Легирленбеген құрылым болаттары үшін жеткізудің техникалық шарттары.

б) EN 10025-3 бөлімі: Қалыптандырылған/ дәнекерлеуге жарамды жұқартылған ұсақ түйірлі құрылым болаттарын жеткізудің техникалық шарттары.

в) EN 10025-4 бөлімі: Дәнекерлеуге жарамды термомеханикалық жұқартылған ұсақ түйірлі құрылым болаттарын жеткізудің техникалық шарттары.

г) EN 10025-5 бөлім: Атмосфералық коррозияға жақсартылған кедергімен құрылымдық болат үшін жеткізудің техникалық шарттары.

д) EN 10025-6 бөлім: Шыныққан және шығаралған күйдегі жоғары тұрақсыздық шегімен құрылым болаттарынан жасалған жалпақ прокат үшін жеткізудің техникалық шарттары.

EN 10025 стандарттарымен анықталған болат бұрандалар мен тойтармада дәнекерлеу құрылымдарында пайдалануға арналған.

4 ЕСКЕРТПЕ EN 10210-1 стандарты ыстық қалыптау, дөңгелек, квадратты және тікбұрышты қима әдісімен дайындалған қуыс құрылымды профильдерге жеткізудің техникалық шарттарын белгілейді және кейіннін термиялық өңдеумен немесе онсыз ыстық қалыптау әдісімен дайындалған қуыс профильдерге, сондай-ақ ыстық қалыптау әдісімен дайындалған өнім қасиеттеріне тең бағалы металлургиялық қасиеттерді қамтамасыз ету үшін дайындағаннан кейін термиялық өңдеуден өткен салқын қалыптау әдісімен дайындалған қуыс профильдерге қолданылады.

Рұқсат етулер, көлемдері мен сипаттамаларына қойылатын талаптар EN 10210-2 стандартында беріледі.

## **4.2 Материал қасиеті**

### **4.2.1 Жалпы ережелер**

4.2.1.1 Болат құрылымдарды жобалау кезінде материалды таңдау кезінде болаттың механикалық және технологиялық қасиетін, болатты термиялық өңдеу тәсілін және болатқа қорғаныш жабынын енгізу әдісін ескеру қажет.

4.2.1.3 Болаттың негізгі механикалық қасиеттері:

- беріктігі (4.2 Кестені қараңыз);
- икемділік (4.3 Кестені қараңыз);
- салыстырмалы ұзарту (4.4 Кестені қараңыз).

4.2.1.4 Негізгі технологиялық қасиеттер

- дәнекерленгіштігі (4.2.3 Тармақты қараңыз);
- қалыптылығы;
- коррозиялық төзімділігі.

4.2.1.5 Болатты термиялық өңдеу тәсілдері:

- термиялық тәсіл (4.2.4.1 Тармақты қараңыз);
- термомеханикалық (4.2.4.2 Тармақты қараңыз).

4.2.1.6 Болаттың қорғаныш жабынын салу әдістері:

- ыстық әдіс (4.2.5.1 Тармақты қараңыз);
- металдандыру (4.2.5.2 Тармақты қараңыз);
- химиялық тұндыру (4.2.5.3 Тармақты қараңыз);
- электрохимиялық тұндыру (4.2.5.4 Тармақты қараңыз);
- диффузиялық тәсіл (4.2.5.5 Тармақты қараңыз);
- жалату (4.2.5.6 Тармақты қараңыз);
- химиялық-термиялық өңдеу тәсілі (4.2.5.7 Тармақты қараңыз).

### **4.2.2 Болаттың негізгі механикалық қасиеттері**

4.2.2.1 Осы құралда ҚР ҚН EN 1993-1-1 берілген негізгі көтергіш және қосалқы болат құрылымдарды дайындау үшін механикалық прокат болаттарға қойылатын негізгі талаптар баяндалған.

Еуропалық Болат прокаты EN10025 орындалған болат бөліністеріне сәйкес 5 топқа бөлінген:

- а) құрылымдық болат (см. EN10025-2);
- б) төмен қосындыланған қалыптандырылған дәнекерленетін ұсақ түйірлі болат (EN10025-3 қараңыз);
- в) төмен қосындыланған термиялық жақсартылған дәнекерленетін ұсақ түйірлі болат (EN10025-4 қараңыз);
- г) конструкциялық атмосфераға төзімді болат (EN10025-5 қараңыз);
- д) шынықтырумен және жұмсартылған жоғары төзімділікті болаттың табақ прокаты (EN10025-6).

Топтар бойынша болаттардың шартты бөлінісі 4.1. Кестеде берілген.

**4.1 Кесте – Топтар бойынша болаттардың шартты бөлінісі**

Тобы	Стандарт	Болат прокат	Беріктік маркасы
1	EN10025-2	Көміртекті болат	S235 бастап S355 дейін
2	EN10025-3	Төмен қосындыланған қалыптандырылған болат	S275 бастап S460 дейін
3	EN10025-4	Төмен қосындыланған термиялық жақсартылған болат	S275 бастап S460 дейін
4	EN10025-5	Атмосфералық төзімді болат	S235 бастап S355 дейін
5	EN10025-6	Жоғары тұрақсыздық шегімен болат	S460 бастап S620 дейін

4.2.2.2 Осы құралда болат құрылымдарының есептерінде физикалық-механикалық сипаттамалардың мынадай мәндерін қабылдаған жөн:

- а) серпімділік модулі, мынаған тең:

$$E = 210 \text{ кН/мм}^2;$$

- б) серпімді сатыдағы Пуассон коэффициенті мынаған тең:

$$\nu = 0,3;$$

- в) ығыстыру модулі мынаған тең:

$$G = \frac{E}{2 \cdot (1 + \nu)} = \frac{210}{2 \cdot (1 + 0,3)} = 81 \text{ кН/мм}^2;$$

- г)  $\alpha$  сызықтық термиялық кеңею коэффициенті (Кельвиннен 100 градустан төмен температура кезінде) мынаған тең:

$$\alpha = 12 \times 10^{-6} \text{ К}^{-1};$$

- д) рболат тығыздығы мынаған тең:

$$\rho = 7850 \text{ кг/м}^3.$$

4.2.2.3  $f_t$  тұрақсыздық және  $f_u$  уақытша кедергінің номиналды мәндеріне ерекше көңіл бөлу талап етіледі. ҚР ҚН EN 1993-1-13.1(1) Тармағына сәйкес, есептеу кезінде тұрақсыздық мәнінің номиналды мәні мен уақытша кедергіні нормативті ретінде қабылдаған жөн.

4.2.2.4 Тұрақсыздық шегі (S460 дейінгі болат маркасы үшін) – болат түрінің өзгеру кестесінде төменгі жай-күйге жауап беретін механикалық кернеу, одан кейін болат үлгісінің серпімді түрін өзгертуі (жүктемені алғаннан кейін жоғалатын) пластикалық түрін өзгертуге (қайтымсыз) ауысады. S460 жоғары маркалы тұрақсыздық шегі (тұрақсыздық алаңы жоқ) – үлгінің қалдық ұзартылуы 0,2 % -ға жететін кернеу (4.1 Суретті қараңыз).

4.2.2.5 Уақытша кедергі – механикалық сынақтар кезінде болат үлгісінің үзілуі (бұзылуы) алдындағы барынша көп күшке сәйкес келетін механикалық кернеу (4.1 Суретті қараңыз).

4.2.2.6 Жоғары төзімділікті құрылым болаты үшін  $f_y$  тұрақсыздық шегі және  $f_u$  уақытша кедергінің номиналды мәнін мынаған тең деп қабылдаған жөн:

а) тікелей EN 10025-6 және EN 10149-2 стандарттары бойынша:

$$\begin{aligned} f_y &= R_{eH}, \\ f_u &= R_m; \end{aligned} \quad (4.1)$$

мұнда  $R_{eH}$  – прокатқа стандарт бойынша тұрақсыздық шегі;

$R_m$  – прокатқа стандарт бойынша уақытша кедергі.

б) осы құралдың 4.2 және 4.3 Кестелері бойынша.

в) осы құралдың 4.1.7. Тармағының 1-Ескертпесін ескере отырып, тікелей Қазақстан Республикасының МемСТ бойынша:

$$\begin{aligned} f_y &= \sigma_T, \\ f_u &= \sigma_B; \end{aligned} \quad (4.2)$$


#### 4.2 Кесте - Ыстық жұқартылған құрылымдық болаттың созылуына $f_y$ тұрақсыздық және $f_u$ уақытша кедергінің номиналды мәндері

Стандарт және болат маркасы	t элементінің номиналды қалыңдығы, мм			
	t ≤ 40 мм		40 мм < t ≤ 80 мм	
	$f_y$ [Н/мм <sup>2</sup> ]	$f_u$ [Н/мм <sup>2</sup> ]	$f_y$ [Н/мм <sup>2</sup> ]	$f_u$ [Н/мм <sup>2</sup> ]
<b>EN 10025-2</b>				
S 235	235	360	215	360
S 275	275	430	255	410
S 355	355	510	335	470
S 450	440	550	410	550
<b>EN 10025-3</b>				
S 275 N/NL	275	390	255	370
S 355 N/NL	355	490	335	470
S 420 N/NL	420	520	390	520
S 460 N/NL	460	540	430	540

**4.2 Кесте - Ыстық жұқартылған құрылымдық болаттың созылуына  $f_y$  тұрақсыздық және  $f_u$  уақытша кедергінің номиналды мәндері(жалғасы)**

Стандарт және болат маркасы	t элементінің номиналды қалыңдығы, мм			
	t ≤ 40 мм		40 мм < t ≤ 80 мм	
	$f_y$ [Н/мм <sup>2</sup> ]	$f_u$ [Н/мм <sup>2</sup> ]	$f_y$ [Н/мм <sup>2</sup> ]	$f_u$ [Н/мм <sup>2</sup> ]
<b>EN 10025-4</b>				
S 275 M/ML	275	370	255	360
S 355 M/ML	355	470	335	450
S 420 M/ML	420	520	390	500
S 460 M/ML	460	540	430	530
<b>EN 10025-5</b>				
S 235 W	235	360	215	340
S 355 W	355	510	335	490
<b>EN 10025-6</b>				
S 460 Q/QL/QL1	460	570	440	550
<b>EN 10210-1</b>				
S 235 H	235	360	215	340
S 275 H	275	430	255	410
S 355 H	355	510	335	490
S 275 NH/NLH	275	390	255	370
S 355 NH/NLH	355	490	335	470
S 420 NH/NHL	420	540	390	520
S 460 NH/NLH	460	560	430	550
<b>EN 10219-1</b>				
S 235 H	235	360		
S 275 H	275	430		
S 355 H	355	510		
S 275 NH/NLH	275	370		
S 355 NH/NLH	355	470		
S 460 NH/NLH	460	550		
S 275 MH/MLH	275	360		
S 355 MH/MLH	355	470		
S 420 MH/MLH	420	500		
S 460 MH/MLH	460	530		

ЕСКЕРТПЕ Бұрын құрылымдық болат атауын белгілеу үшін уақытша кедергі мәні пайдаланылды, яғни, St 52 (Германия) болат маркасы 52 кг/мм<sup>2</sup> тұрақсыздық шегіне ие. Бүгінгі таңда, халықаралық нормаларды келіскеннен кейін европалық болат атаулары болат тұрақсыздығы шегінің мәнінен шығады, яғни, S 355 маркалы болат (бұрынғы St 52) 355 Н/мм<sup>2</sup> тұрақсыздық шегіне ие.



а) S235 – S460 сыныпты шағын көміртекті болат

б) S460-S700 жоғары төзімді болат

#### 4.1 Сурет

4.2.2.7 Осы құралды пайдаланушы статикалық есептеу кезінде икемділікті ескеруі қажет.

4.2.2.8 Болат құрылымдардың есебі сипаттамалары осы құралдың 4.2 Кестесінде берілген болаттар үшін не болмаса осы құралдың 4-бөлімінің барлық талаптарына жауап беретін болаттар үшін орындалуы тиіс.

4.2.2.9 Осы құралдың ережелеріне сәйкес болат құрылымдарды жобалау кезінде болат мынадай мәндерге ие болуы тиіс:

а)  $f_y$  тұрақсыздық шегінің мәніне  $f_u$  уақытша кедергінің номиналды мәнінің арақатынасы 1,1 қарағанда үлкен болуы тиіс (4.3 Кестені қараңыз):

$$\frac{f_u}{f_y} > 1,1;$$

#### 4.3 Кесте – EN 10025 бойынша дайындалған болат икемділігі

Тобы	Болат прокаты	Барынша аз мәні $f_u/f_y$
1	Көміртекті болат (EN 10025-2)	1,3
2	Төмен қосындыланған қалыптандырылған болат (EN 10025-3)	1,2
3	Төмен қосындыланған термиялық жақсартылған болат (EN 10025-4)	1,2
4	Атмосфералық төзімді болат (EN 10025-5)	1,3
5	Жоғары тұрақсыздық шегімен болат (EN 10025-6)	1,1

б)  $\varepsilon_y$  серпімді түрін өзгертуге  $\varepsilon_{ш}$  шекті түрін өзгерту мәнінің арақатынасы 15,0 артық болуы тиіс:

$$\frac{\varepsilon_u}{\varepsilon_y} > 15,0;$$

в) болат үлгісінің салыстырмалы ұзартылуы  $5,65 \cdot \sqrt{A_0}$  үлгінің бастапқы ұзындығы кезінде кемінде 15%, мұнда  $A_0$  – болат үлгісінің көлденең қимасының бастапқы ауданы (4.4 Кестені қараңыз).

#### 4.4 Кесте – EN10025 бойынша болаттан дайындалған үлгілерді салыстырмалы ұзарту

Тобы	Болат прокат	Үзілуден кейін $l_f = 5,65 \cdot \sqrt{A_0}$ ұзындықты үлгіні ұзартудың барынша аз пайызы, %					
		Беріктік маркасы					
		S235	S275	S355	S420	S460	>S460
1	Көміртекті болат (EN 10025-2)	24	20	20	-	-	-
2	Төмен қосындыланған қалыптандырылған болат (EN 10025-3)	-	23	21	18	17	-
3	Төмен қосындыланған термиялық жақсартылған болат (EN 10025-4)	-	24	22	19	17	-
4	Атмосфералық төзімді болат (EN 10025-5)	24	-	20	-	-	-
5	Жоғары тұрақсыздық шегімен болат (EN 10025-6)	-	-	-	-	-	15

#### 4.2.3 Негізгі технологиялық қасиеттер

Прокаттың дәнекерленгіштігі 4.5 Кестеде берілген мәндерден аспауы тиіс CEV көміртекті балама арқылы дәнекерленгіштігі бағалануы тиіс.

#### 4.5 Кесте – EN 10025 бойынша дайындалған болаттың көміртекті баламасының мәні

Тобы	Болат прокат		CEV көміртекті баламаның шекті мәндері			
1	Прокат қалыңдығы, мм		≤30	>30 ≤40	>40 ≤ 150	> 100 ≤250
	Көміртекті болат (EN 10025-2)	S235	0.35	0.35	0.38	0.40
		S275	0.40	0.40	0.42	0.44
		S355	0.45	0.47	0.47	0.47
2	Прокат қалыңдығы, мм		≤40	>40 ≤63	>63 ≤100	> 100 ≤250



**4.5 Кесте – EN 10025 бойынша дайындалған болаттың көміртекті баламасының мәні (жалғасы)**

Тобы	Болат прокат		CEV көміртекті баламаның шекті мәндері			
	Төмен қосындыланған қалыптандырылған болат (EN 10025-3)	S275	0.40	0.40	0.40	0.42
		S355	0.43	0.43	0.45	0.45
		S420	0.48	0.48	0.50	0.52
		S460	0.53	0.53	0.54	0.55
3	Прокат қалыңдығы, мм		≤40	>40≤63	>63 ≤ 120	>120 ≤150
	Төмен қосындыланған термиялық жақсартылған болат (EN 10025-4)	S275	0.34	0.35	0.38	0.38
		S355	0.39	0.40	0.45	0.45
		S420	0.45	0.46	0.47	0.47
		S460	0.46	0.47	0.48	0.48
5	Прокат қалыңдығы, мм			≤50	> 50 ≤100	> 100≤150
	Жоғары тұрақсыздық шегімен болат (EN 10025-6)	S460		0.47	0.48	0.50
		S500		0.47	0.70	0.70
		S550		0.65	0.77	0.83
		S620		0.65	0.77	0.83
1 ЕСКЕРТПЕ Кестедегі көміртекті баламалы мәндер мынадай формула бойынша анықталды: $CEV = C + \frac{Mn}{6} + \frac{Cr + M_0 + V}{5} + \frac{Ni + Cu}{15}.$						
2 ЕСКЕРТПЕ Күкірт және фосфор мөлшері бойынша шектеу: а) күкірт – мөлшері 0,03%-дан аспайды (күкірт төзімділік пен дәнекерленгіштікті төмендетеді); б) фосфор мөлшері 0,025%-дан аспайды (фосфор икемділік пен тұтқырлықты төмендетеді).						

#### 4.2.4 Болатты термиялық өңдеу тәсілдері

##### 4.2.4.1 Термиялық өңдеу

4.2.4.1.1 Болатты термиялық өңдеуге мынадай үрдістер жатқызылады: бірінші және екінші бағытты күйдіру; шынықтыру; жұмсарту.

4.2.4.1.2 Бірінші бағытты күйдіру болат құрамына байланысты нақты температураға дейінгі (A<sub>1</sub> нүктесінен төмен) қыздыруға, бірнеше сағат бойында ұстауға, және кейіннен жай баяу салқындатуға негізделген. Илемді түрін өзгерту кезінде қалың болдырмау үшін қолданылатын күйдіру (қайта кристалдану) көбінесе, 450-650 °C температура кезінде орын алады; қалдық температураны алу үшін күйдіру (құюдан бастап, дәнекерлеу, кесумен өңдеу) көбінесе, 550-680 °C температура кезінде орын алады.

4.2.4.1.3 Екінші бағыттағы күйдіру A<sub>1</sub> және A<sub>3</sub> температураларынан жоғары температураға дейін қыздыруға, бірнеше сағат ішінде ұстауға және кейіннен жай баяу салқындатуға негізделген, оның нәтижесінде болатқа фазалық айналуы орын алады және болат феррит+перлит құрылымына ие болады. Күйдіргеннен кейін болат төмен қаттылық және беріктікке ие болады, түйір ұсақталады. Толы күйдіруді A<sub>c3</sub>30-50 °C-қа жоғары температурамен жүргізеді, мұнда ұсақ түйірлермен аустенит түзіледі. Егер температура

жоғары болса, түйір өсе бастайды және болат қасиеті нашарлайды. Ұстау уақыты 0.5-1 сағат. Салқындату қосындыланған болат үшін 10-100 град/сағ. және көміртектілері үшін 150-200 град/сағ. жылдамдықпен жүреді. Толық емес күйдіруді ішкі кернеулерді алу үшін  $A_{c1}$  нүктесінен бірнеше жоғары температурамен және кесу арқылы өңдеуді жеңілдету үшін жүргізеді. Төмен күйдіру немесе жоғары жұмсартуды прокаттың артық қаттылығын алу үшін қолданады және  $A_c$  нүктесінен бірнеше төмен 650-680 °C температура кезінде орындайды. Қалыптандыру күйдіру немесе қалыптандыру  $A_{c3}$  нүктесінен 50 – 60 °C жоғары болатты қыздыруға, созылмалы емес ұстау мен ауада салқындатуға негізделген. Қыздыру фазалық қайта кристалдандыруды туғызады және нәтижесінде, құю немесе илемдеу кезінде алынатын ірі түйірлі құрылымды жояды. Ауада жылдамдатылған салқындату аустениттің ыдырауына әкеледі, бұл ферритті-цементті қоспаның майдалылығын жоғарылатады және перлит көлемін көбейтеді. Бұл күйдірілгенмен салыстырғанда қалыпты болаттың беріктіктігі мен қаттылығын 10-15%-ға жоғарылатады.

4.2.4.1.4 Шынықтыру осы температура кезінде  $A_{c3}$ -дан 30-50 °C жоғары температураға дейін болатты қыздыру және жылдам салқындатудан тұрады. Бұл жағдайда  $A_{c3}$  нүктесінен жоғары құралған аустенит жылдам салқындату кезінде мартенситке айналады. Шынықтырудан кейін  $A_{c1}$ –  $A_{c3}$  температура аралығында болатты қыздыру кезінде мартенситпен қатар феррит учаскелері қалады. Мұндай болаттың беріктігі мен қаттылығы төмен. Салқындататын шынықтыру қоспалары ферритті-цемент қоспасына аустениттің ыдырауын болдырмау үшін әсіресе 650-550 °C температура диапазонында жоғары салқындату жылдамдығын қамтамасыз етуі тиіс, бірақ бұл ретте мартенситті айналу аймағындағы 300- 200 °C салқындату жылдамдығы жоғары ішкі кернеулерді болдырмау үшін жоғары болмауы тиіс. Салқындатушылар ретінде әдетте суды, судағы 10% NaCl ерітіндіні және минералды майды қолданады. Судағы салқындатуға қарағанда майдағы салқындату жылдамдығы 20-25 есеге баяу, ал қайнау температурасы 250 - 300°C. Майдағы шынықтыру ақаулардың түзілуін азайтады және ішкі кернеулердің деңгейін төмендетеді.

4.2.4.1.5 Шынықтырылған болатты жұмсарту  $A_{c1}$  жоғары емес қыздыруға және тапсырылған жылдамдықпен салқындатуға негізделген. Жұмсарту – термиялық өңдеудің түпкілікті кезеңі. Бұл ретте болат талап етілетін механикалық қасиетті алады. Жұмсарту кезінде шынықтырылғаннан кейінгі қалдық кернеу айтарлықтай азайтылады. Төмен температуралы жұмсартуды 250 °C температура кезінде жүргізеді. Болат құрылымы – жұмсарту мартенситі. Бұл ретте болат қаттылықты азайтпастан ішкі кернеуді төмендету есебінен нығайтылады. Орташа температуралық жұмсартуды 350-500 °C температура кезінде орындайды. Мұндай жұмсарту серпімділіктің біршама жоғары шегін қамтамасыз етеді және тұтқырлықты біршама жоғарылатады. Жұмсартудан кейінгі болат құрылымы - HRC40-50 қаттылықпен жұмсартуды жіңішкертеді. Жоғары температуралы жұмсартуды 500-680 °C температура кезінде орындайды. Мұндай жұмсарту соққы тұтқырлығын айтарлықтай жоғарылатады және ішкі кернеуді толығымен алады. Беріктік пен қаттылық төмендейді, бірақ, қалыптандырудан кейін әлі де біршама жоғары болады. Жұмсартудан кейінгі болат құрылымы – жұмсартуды сіңіреді. Шыныққан кейін болат және жоғары температуралы жұмсарту термиялық жақсартылған болып аталады.

#### 4.2.4.2 Термомеханикалық өңдеу

Термомеханикалық өңдеу оны шынықтырумен аустенитті күйде икемді түрін өзгертудің үйлесімділігіне; жоғары температуралық термомеханикалық өңдеуге (ЖТТӨ) -  $A_{c3}$  температурасынан жоғары оны қыздыру кезінде болат түрінің өзгеруіне негізделген, бұл кезде болат аустенитті құрылымға ие. Төмен температуралы термомеханикалық өңдеу (ТТМӨ) қайта салқындатылған аустенит аймағында 400-600°C температура кезінде болат түрінің өзгеруіне (75-95%) негізделген. Шынықтыруды түрін өзгертуден кейін орындайды. Екі жағдайда да шынықтырылғаннан кейін 100-300°C температура кезінде төмен температуралы жұмсарту орын алады. ТТМӨ ұшыраған болат беріктігі  $\delta = 6-8\%$  жақсы икемділік пен  $KCU = 50-60$  Дж/см<sup>2</sup> тұтқырлық кезінде  $\sigma_u = 2200-3000$  МПа мәнге жетуі мүмкін, ал  $\delta = 6-8\%$  жақсы икемділік пен  $KCU = 50-60$  Дж/см<sup>2</sup> тұтқырлық кезінде, сол болаттың жай шынықтырылуынан кейін  $\sigma_u = 2000-2200$  МПа,  $\delta = 3-4\%$  мәнге жетуі мүмкін.

#### 4.2.5 Болаттың қорғаныш жабынын салу әдістері

##### 4.2.5.1 Жалпы ережелер

Болаттың қорғаныш метал жабындары әртүрлі тәсілдермен салынуы мүмкін – ыстық, меал, химиялық, электр химиялық, конденсациялық, диффузиялы, байланысты. Оларды салу әдістеріне байланысты жабын әртүрлі сипаттамалара ие болады, бірақ жабын қабілетіне салу әдісі негізгі металдың коррозиялы қорғаныш көрсетуі болмашы ғана әсер етеді.

##### 4.2.5.2 Ыстық тәсіл

4.2.5.2.1 Жабынға арналған метал балқытылған күге дейін қыздырылады, ал негізгі метал балқытылған металмен ваннаға салынады (ыстық жүктеу үрдісі) не болмаса балқытылған метал құйылады не болмаса қандай да басқа жолмен бұйымның үстіңгі қабатына түседі (дәнекерлеу үрдісі).

4.2.5.2.2 Жабын метал бұйымның үстіңгі қабаты бойынша толығымен таралуы үшін және жеткілікті адгезияға ие болуы үшін бұйымнан тотықты үлдірді алып тастау қажет. Бұған флюс арқылы қолжеткізіледі. Ыстық тәсілмен жабынды салу үрдісінің жүйелілігі мынадай түрде ұсынылуы мүмкін: металды беру => ерітіндіге салу=> жуу және кептіру => флюсқа салу=> балқытылған металға жүктеу=> ағу және кептіру.

4.2.5.2.3 Ыстық тәсілмен жабылатын бұйым үлкен көлемге ие болуы мүмкін. Ванналардың ұзындығы 18 м дейін болуы мүмкін. Үлкен көлемнің бөлшектері алдымен біреуін, содан кейін екінші ұшын ваннаға сала отырып жабады. Табақтарды, лента және сымды айдау флюсімен және жабын ерітіндісімен ванна арқылы өткізе отырып автоматтандырылған тоғын линиясымен өңдеуге болады, содан кейін қажетті ұзындықтағы орамға айналдыруға болады.

4.2.5.2.4 Болатты ыстық мырыштау біршама кең таралған. Тотты, қабыршақты кетіру және үстіңгі қабатын біршама кедір-бұдыр ету үшін алдымен болатты тұзды қышқыл ерітіндісіне салады. Желінуден кейін металды хлорлы алюминиймен флюстеуді мырышталған ваннаның үстіңгі қабатындағы балқытылған флюс арқылы өткізумен жүзеге асырады (кейбір жағдайда екі әдісті де қолданады). 430° бастап 470 °С дейінгі температураға ие мырышты ваннаға жүктеу кезінде темірмен мырышты балқыту қабаттары түзіледі. Бұл балқыма әдетте үш құрауыштан тұрады: 6.25%  $\xi$ -фаза, 11%  $\delta$ -фаза, 22%  $\gamma$ -темір фазасы. Темірдің барынша көп мөлшері жабынның төменгі қабаттарында болады, ал ең азы мырыш жабынының үстіңгі қабатында болады. 480 °С жоғары температура кезінде интерметаллидтің аса қалың қабаттарының түзілуі темірмен мырыш балқымасының біршама сынғыштығына байланысты жабынның омырылғыштығына әкеледі. Мырышты балқымаға аз ғана мөлшердегі алюминийді (0.1-0.2%) қосу балқыманың түзілу қарқындылығын төмендетеді және жабынның икемділігін жоғарылатады. Ваннада әрқашан дросс түзіледі (құрамында 3-7% темір бар мырыш балқымасы), ол ваннаның түбіне тұнады. 40 мкм қалыңдықпен жабын шамамен 1 м<sup>2</sup>-ге 250 грамды құрайды.

4.2.5.2.5 Ыстық мырыштау коррозиядан болат құрылымдарын қорғау үшін артықшылықты. Ыстық мырыштауға қосалқы құрылымдарда (көпір төсемінің элементтері), оның ішінде арқанды элементтердің жоғары төзімді сымдары да ұшырайды.

4.2.5.2.6 Болатты ыстық алюминдеу ыстық мырыштау үрдісін, бірақ біршама күрделі үрдісті толығымен қайталайды. Бұл – балқытудың біршама жоғары температурасымен - 700 °С және алюминий тотығын түзудің үлкен жылдамдығымен байланысты. Жоғары температура есебінен темір мен алюминий арасында лезде реакция жүреді, бұл омырылғыш интерметаллидтің түзілуіне әкеледі. Ваннаның үстіңгі қабатын жабатын алюминий тотығы жабынның түзілуіне кедергі келтіреді. Осы себептерге байланысты ванна флюс қабатымен жабылған, ол ауаның алюминиймен байланысын болдырмайды. Темір мен алюминий қоспаларының мөлшерін азайту үшін ваннаға 6-7% кремнийді қосады. 25 мкм қалыңдықпен алюминий жабыны шамамен 1 м<sup>2</sup>-ге 250 грамды құрайды.

### **4.2.5.3 Меттализация**

4.2.5.3.1 Тозандатылған метал жабынды жабын металын балқыту және оны металлизаторда тозандатылған бөлшектерге айналдырумен алынады. Балқытылған бөлшектер үстіңгі қабатқа 100-150 м/с жылдамдықпен салынады. Үстіңгі қабатқа түскен кезде ол жайылады және онымен бекітіледі, Түсу кезінде немесе одан бұрын балқытылған бөлшектердің қатаюы орын алатындығы айқын емес. Жабын қалыңдығы металлизатордың қозғалыс жылдамдығымен, үстіңгі қабаттан алшақтығымен және қабаттар санымен анықталады. Қатайған бөлшектер таза механикалық жүктеулер есебінен негізгі металдың үстіңгі қабатына жабысады, және екі метал арасында химиялық әрекеттесу орын алмайды. Тозанданған бөлшектер бір-біріне соғыла отырып ішінара дәнекерленеді және осылайша берік жабынды түзеді, ол көптеген кеуекке ие. Бірақ, кеуектілігіне және ішіндегі жоғары тотыққа қарамастан, жабынның ішкі өткізгіштігі өте жоғары. Осының арқасында жабын жақсы анодты қорғанышқа ие. Бірақ, жабынның кеуекті сипаты жабын қабатының

ішіндегі коррозияның пайда болуына әкеледі. Сондықтан, тозаңданатын жабын лак-бояу материалдарын пайдалана отырып кеуекті жою бойынша кейіннен өңдеуді талап етеді. Нақты жағдайларда жабын термиялық өңдеуге ұшырауы мүмкін, бұл жабын мен негізгі металдың диффузиялы балқымасының түзілуіне әкелуі мүмкін. Мұндай жабын коррозияға айтарлықтай кедергі болуы мүмкін.

#### 4.2.5.3.2 Металдандырудың үш негізгі тәсілі бар:

а) жалынды металдану металлаторға жабын үшін метал берілгенде және оттегі-пропанды немесе оттегі-ацетиленді жалынмен балқыған кезде орындалады, Сығымдалған ауа, қыздырылған жалын әсерімен балқытылған метал бөлшектері металлатор шүмегінен бұйымға түседі. Осы екі жағдайдағы жабындар сапасының болмаша ғана айырмашылығы бар. Ұнтақты тозаңдану кезінде жабынның кедір-бұдырлығы артады, ал кеуектілігі 10-15% құрайды, ал негізгі металмен беріктігі 7 МПа. Ұнтақты тозаңдану кезінде тотық мөлшері өседі, және ұнтақты жүктеу үшін үрдісті ұзу талап етіледі. Сымды тозаңдану кезінде үрдіс тек сымды орам сыйымдылығымен ғана шектелген, сондықтан іс жүзінде үзілмейді. Ымды тозаңданудың артықшылықтарына тозаңданатын металдың ластану қаупінің жоқ екендігін және металлатордың үлкен ықшамдылығын жатқызуға болады.

б) Электр доға тәсілімен металдандыру жабын металының тұрақты ток және кернеудің электр доғасының әсерімен балқытылуына негізделген. Жабынға арналған метал байланысу нүктесінде электр доғасы түзелетін жұқа көтергіш электродтар болып табылатын диаметрі 2-3 мм екі сым түрінде беріледі. Балқытылған метал газ ағысы арқылы тозаңданады, ол электродтардың артында орналасқан шүмек арқылы үрленеді. Электр доғасына шілтерді алмастыру біршама ықшам құрал-жабдықты және біршама жоғары балқыту температурасын алуға мүмкіндік береді. Негізгі металмен жабын байланысының беріктігі 10 МПа құрайды.

в) Плазмалық металдану электр доғалық металдануға ұқсас. Бұл жағдайда доға сумен салқындатылатын иондаушы газ плазмасын білдіреді. Осы үрдістегі электродтар жұмсалмайды. Плазмалық металлатордағы сумен салқындатылатын вольфрамды катод мыс анодының суымен салқындатылатын, шүмек тәрізді негізге концентриялы орнатылған. Электродтар арасында берілетін газ иондалады және доғаны құрайды. Газ ағыны шүмек тесігіне доғаны итереді, мұнда шиыршықты ағын плазмалық доға ортасында жылу концентрациясын жасайды, Доға ортасындағы температура 20 000 °C жетеді. Жабын ұнтағы газ ағындарымен бірге беріледі және плазмалық доғаға түседі, мұнда бір сәтте балқытылады. Плазмалық металлаторда аргон біршама жиі қолданылады, бірақ құнды төмендету үшін азот пайдаланылуы мүмкін. Температураны көбейту үшін сутегі қосылуы мүмкін, ал егер сутекті үлкейту қауіптілігі болса, оны гелий алмастыруы мүмкін. Плазмалық металданудың негізгі артықшылығы жабынның кеуектілігін азайту және негізгі металға адгезияның айтарлықтай көбеюі болып табылады. 1-10% кеуектілікті, ал шамамен 30 МПа адгезияны алу өте жеңіл.

4.2.5.3.3 Металдандыру жабындары ретінде әдетте мырым және алюминий пайдаланылады. Атомосфералық әсерлерден қорғау үшін қабат қалыңдығы 50-150 мкм құрайды. Бұрандалық қоспалардың байланыс қабаттарына мырыш және алюминий

жабындарының тозандануы 0,45-0,55 үйкеу коэффициентін алуға мүмкіндік береді, ал алюминийдің тозандану кезінде ол 0,7 дейін көбейеді.

#### **4.2.5.4 Химиялық тұндыру**

Химиялық тұндырудың ең қарапайым мысалы – мыс купоросының ерітіндісіне салынған темірдегі мысты тұндыру. Бұл үрдіс темір иондарының мы иондарымен қарапайым алмасуымен байланысты. Бірақ, ол үлкен тәжірибелік қолдануға ие емес, өйткені, темір толығымен мыспен жабылғанда тұндыру тоқтатылады. Жабын өте жұқа, кеуекті және негізгі металмен нашар байланыстырылып алынады. Химиялық тұндыру тек екі жағдайда ғана пайдаланылады:

- 1) болат бұйымдардың декоративті жабыны үшін;
- 2) болат табактар немесе сымдарды уақытша қорғау үшін және созбалап өңдеу кезінде жақсы сырғуыды қамтамасыз ету үшін.

#### **4.2.5.5 Электрохимиялық тұндыру**

4.2.5.5.1 Жабын енгізілген метал жолбасшы болып табылады, ол осы металдың тұзын қамтитын электр өткізгіш ерітіндіге салынады. Катод болып негізгі метал, анод болып жабын металының өзекшесі немесе табағы табылады. ЭДС әсерімен катодта тұндыру орын алғаннан кейін, осылайша ерітіндідегі жабын металы иондарының тұрақты концентрациясын сақтай отырып жабын металы тұзды ерітіндіге өтеді.

4.2.5.5.2 Электр химиялық тұндыру кезіндегі метал жабынды алу сұлбасы мынадай: негізгі металл => өңдеу=> майсыздандыру=> химиялық тазарту => жуу => жүктеу және жуу => электр тұндыру => жуу және кептіру. Жабын мен негіз арасындағы аралық балқымалардың қабаттарын құрмастан үстіңгі қабатта жабын түзеледі.

4.2.5.5.3 Металдардың электрлік тұндырылуы Фарадея заңдары бойынша орын алады: ерітінді арқылы өткізілетін электр мөлшеріне және металдың химиялық эквивалентіне тікелей пропорционалды электролиз кезінде құралатын метал салмағы. Жабынның біркелкілігі анодтың орналасу орнына байланысты болады. Анодтан металдың өткізілуі катодқа қысқаша арақашықтық бойынша орын алады. Сондықтан, бұйым анод орналасқан жағынан, бір жағынан ғана жабылады, ал екінші жағы жабылмаған күйде қалады. Сондықтан жабынның біркелкілігі үшін катодты қоршайтын бірнеше анодтар орналасады.

4.2.5.5.4 Гальваникалық үрдістің ерекшелігі – катодта сутегінің бөлінуі. Сутегі иондарын немесе су молекулаларын қалпына келтірумен алынған сутегі молекулалары газ тәрізді жай-күйде босатылуы мүмкін және атом нысанындағы сутегі жабынға және негізгі металға енуі мүмкін. Егер бұл орын алған болса, омырылғыш бұзылу (мысалы, мырыш немесе кадмиймен жабылу кезіндегі жоғары төзімділікті болат) орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайларда жабындарды салғаннан кейінгі термиялық өңдеу сутегін жоюға және сызаттардың пайда болуын болдырмауға мүмкіндік береді. Негізгі металдан немесе жабыннан атомдық сутекті жою үшін жабын бұйымдарын 190 °C температура кезінде 5 сағат бойы немесе 170°C температура кезінде 15 сағат бойы жүргізеді.

4.2.5.5.5 Жабындарды салғаннан кейін ток өткізу қалдықтарын жою үшін бұйымды мұқият жуу және кептіруді жүргізу маңызды. Олай болмаған жағдайда қышқылдармен немесе сілтілермен қаныққан бұл ерітінділер коррозияны туғыза отырып үстіңгі қабатқа әсер етеді.

4.2.5.5.6 Жабындар ретінде мыналар пайдаланылады: кадмий, мырыш, хром, мыс және оның балқымалары, алтын, қорғасын, никель, қалайы және т.б. Құрылыс бұйымдарын жабу үшін негізінен мырыш және кадмий пайдаланылады. Мырыш және кадмий жабындарының қалыңдығы әдетте 25 мкм құрайды.

#### **4.2.5.6 Метал буларының конденсациясы**

4.2.5.6.1 Газ фазасынан металдарды тұндыру төзімді тәсілдерден тиімді ерекшеленетін қасиеттермен жабынды қамтамасыз етеді: жоғары тазалық дәрежесі; оксидтердің болмауы; барынша аз қалыңдық; жарқыраған үстіңгі қабат; метал және метал емес жабынға тұндыру.

4.2.5.6.2 Тұндыру қысымы  $10^{-2}$  -  $10^{-3}$  Па дейін төмендетілген вакуумды камерада жүреді. Жабынды салу үшін металды вакуумды камераға орналастырады және оны әдетті қысымдағыға қарағанда біршама төмен газ тәрізді күйге дейін өткенше қыздырады. Метал булары камераны толтырады және біршама салқын заттарда тұндырылады. Бұл ретте бұйым болмашы қыздыруға ұшырайды. Катодты тозандандыруды қолдануға болады, мұнда теріс зарядталған бу молекулары оң зарядталған буға тартылады. Тұндырылатын бу қабатының қалыңдығы нанометрден ондаған микрометрге дейін өзгеруі мүмкін. Тұндыру үшін кез келген металды қолдануға болады.

#### **4.2.5.7 Диффузиялық әдіс**

4.2.5.7.1 Диффузиялық әдіс кезінде негізгі металл мен металл жабынының балқымасы құрылады. Жабынның қалыңдығы 5-35 мкм құрайды. Жабынды герметикалық жабық контейнерге түсіреді.

4.2.5.7.2 Тазартылған металдан жасалған бұйымды металл жабынынан тұратын ұнтаққа батырады. Бірнеше сағат ішінде контейнерді металдың балқу нүктесіне жақын (бірақ аз емес) температура кезінде қыздырады. Болатқа түсірілетін мырыш жабынын шерадизациялық деп атайды. Диффузиялық қабат мырыштағы 8-9% темір құрайтын балқымадан тұрады.

4.2.5.7.3 болаттың бетін алюминиймен қанықтыру алитирлеу деп аталады. Ұнтақты және сұйық алюминийді қолданады. Бірінші жағдайда температура 900-1050°C және ұзақтығы 3-12 сағат, екіншісінде 700-800 °C және ұзақтығы 1 сағатқа дейін. Артынан 900-1050°C температураға дейін күйдіріп шаңдату мүмкін болады. Алитирлеу нәтижесінде а-темірдегі алюминийдің қатты ерітіндісі (30% дейін) және болатты тот басудан сақтайтын  $Al_2O_3$  тотықтың беткі берік пленкасы түзіледі. Қабаттың қалыңдығы 0,2-1,0 мм. Жоғары температура кезінде жұмыс жасайтын бұйымды алитирлеуге ұшыратады. Хормдау – беткі жағының хроммен қанығуы. Хромдау тот басушылыққа төзімділікті арттырады, ал 0,3-0,4%С көміртегіден тұратын болаттың қаттылығын арттырады. Хромдауды ұнтақты

қоспаларда жүргізеді 1000-1050 °С температура кезінде (мысалы, 50% феррохром, 49% алюминий тотығы және 1% хлорлы аммоний) бірнеше сағат ішінде жүргізеді. Хромдау нәтижесінде а-темірде қалыңдығы 0.15-0.2 мм хромның қатты ерітіндісі түзіледі. Болаттың беткі жағын кремниймен қанықтыру процесі силицирлеу деп аталады. Силицирлеуді ұнтақты қоспаларда (мысалы, 75% ферросилиций + 20% шамот + 5%  $\text{NH}_4\text{Cl}$ ) немесе 950-1000 °С температура кезінде  $\text{SiCl}_4$  газ ортасында жүргізеді. Силицирлеу нәтижесінде а-темірде қалыңдығы 0.3-1.0 мм кремнийдің қатты ерітіндісі түзіледі. Силицирленген қабат жоғары беріктік пен жоғары төзімділікке ие.

4.2.5.7.4 Жоғарығы берік метиздерді (бұрандаларды, гайкаларды, тығырықтарды) термодиффузиялық мырыштау процесі (ТМП) 1.5-2 сағат ішінде 450-470°С температураға дейін диффузиялық мырыш-ұнтақты және инертті қоспада бірге бөлшектерді қыздыра отырып айналатын пеште жүреді. Мырышталатын бөлшектерді контейнерге салардың алдында қақтарынан, тоттану өнімдерінен тазалайды. ТМП кезінде темір және мырыш атомдарының қарсы диффузиясы өтеді. Бұл жағдайда болат бұйымның беткі жағында салмағының 7% бастап 28% дейінгісінен тұратын фаза түзіледі, қалғаны – мырыш және қоспаланған элементтер. Негізгі фаза  $\text{FeZn}_7$  формуласына сәйкес және ерекше төзімділік қасиет пен белгілі беріктікке, сондай-ақ жоғары тот басушылық беріктікке ие  $\delta^1$ - фаза болып табылады. ТМП кейін салқын фосфатирлеудің қосымша операциясы орындалады, оның нәтижесінде бұйымның бетінде оның операция аралық сақталуы процесінде сыртқы түрінің өзгермеушілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қалыңдығы 3 мкм дейінгі жұқа поенка түзіледі. Бұрандалар мен гайкалардағы жабынның қалыңдығы сыртқы (6g) және ішкі (6H) бұрандасымен: M22 үшін - 25 мкм; M24 үшін - 30 мкм құрайды.

#### **4.2.5.8 Жалату**

Жалату термохимиялық әдістермен пластикалық өңдеу арқылы жабынды түсіруден тұрады: прокатты, престелген немесе соғылған. Барлық жағдайларда процесс механизмі біркелкі: металл жабынының қысым есебінен негізгі металмен қосылысы. Жабын және негізгі металл арасындағы жақсы адгезияға қол жеткізу үшін тиісті қысымда фазааралық шекарада (тотықтар түрінде) қоспаны толық жою қажет. Құрылыс құрылымдарында металды анодты қорғау үшін таза алюминий бұйымын жалату, сондай-ақ болат прокатты тот баспайтын хромды табакпен жалату назар аударарлық.

#### **4.2.5.9 Химиялық-термиялық өңдеу**

4.2.5.9.1 Болатты химиялық-термиялық өңдеу беткі жағының жоғары температура кезінде сыртқы ортадан атом жағдайында оларды диффузия жолымен әртүрлі элементтермен (көміртегімен, азотпен, алюминиймен, хром және т.б.) қанықтырудан тұрады. Кәдімгі термиялық өңдеуден ерекше, химиялық-термиялық өңдеу кезінде болаттың құрылымы ғана емес, сонымен қатар бетінің химиялық құрамы өзгереді.

4.2.5.9.2 Болатты цементтеу беткі қабатын одан әрі шынықтыру арқылы 0,8-1,0% концентрацияға дейін көміртегімен қанықтырудан тұрады. Негізгі мақсаты – қатты төзімділікке берік қабатты алу. Цементтеу және одан әрі шынықтыру төзімділік шегін



арттырады. Ол көп мөлшердегі көміртегіні акстениит еріткен кезде 930-950 °С ( $Ac_3$  нүктесінен жоғары) температура кезінде орындалады. Цементтеуді қатты карбюризатормен (белсендірілген ағаш көмірімен немесе кокспен+үдеткіштермен) немесе көміртегіден (мысалы,  $CH_4$ ) тұратын газ ортада орындайды.

